«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
Қамқоршылық кеңесі отырысының
№2 ХАТТАМАСЫ

Өтікізілген күні: «21» қараша 2025ж

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Жасыл балабақша» экологиялық акциясын ұйымдастыру және өткізу барысы: балабақша ауласын көгалдандыру, ағаш және бұта көшеттерін отырғызу, қысқы маусым алдындағы санитарлық тазалық және абаттандыру шараларына ата-аналарды тарту.
2. «Ата-ана және балабақша: ынтымақтастық пен ашықтық» атты жалпыұлттық/ішкі форумның қорытындыларын қарау және кері байланыс орнату.
3. «Мерекелік іс-шараларды (Тәуелсіздік күні, Жаңа жылдық ертеңгіліктер) ұйымдастырудағы ата-аналардың рөлі мен белсенділігі» тақырыбындағы дөңгелек үстелдің шешімдерін талқылау.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің мүшесі А.Аханова сөз сөйледі. Ол қараша айының басында өткізілетін «Жасыл балабақша» экологиялық акциясының жоспарымен таныстырды. Акцияның басты мақсаты — балабақша ауласын таза ұстау, балаларға табиғатты қорғауды үйрету және аулаға көпжылдық ағаштар мен гүлдер отырғызу. Осы іс-шараға әр топтың ата-аналарын белсене қатысуға, қажетті құрал-саймандар мен көшеттерді ұйымдастыруға шақырды.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақшаның әдіскері Г.С.Сарсенова сөз алды. Ол жақында өткен «Ата-ана және балабақша: ынтымақтастық пен ашықтық» форумының нәтижелерін баяндады. Форум барысында ата-аналар балабақша жұмысына деген ризашылықтары мен ұсыныстары жиналғанын айтты. Ата-аналардың тәрбие үдерісіне белсене қатысуы мекеменің ашықтығын көрсететінін атап өтті.

3.Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша ата-аналар комитетінің өкілі сөз алды. Алда келе жатқан қысқы мерекелер мен ертеңгіліктерді ұйымдастыру барысында балалардың киімдері, топтарды безендіру және сыйлықтар мәселесі талқыланды. Ол мерекелерді ұйымдастыруда ешқандай заңсыз қаржы жинауға жол берілмейтінін, барлық шаралар ерікті түрде, ата-аналардың ортақ келісімімен және ашық түрде жүзеге асатынын баса айтты.
Балабақша меңгерушісі Ж.А.Курманова: «"Жасыл балабақша" акциясы аясында егілетін ағаштардың балалар ойнайтын алаңқайларға кедергі келтірмеуін және қауіпсіз болуын қадағалауымыз керек. Ал мерекелерге келетін болсақ, тәрбиешілер тек сценарий мен тәрбиелік бөліміне жауапты, ата-аналар тарапынан ешқандай негізсіз шығындарға жол берілмеуі тиіс».

Кеңес мүшесі А.Ж.Турганова: «Біз өз тобымыз бойынша сенбілікке толық қатысуға дайынбыз. Балаларымыз таза және жасыл аулада ойнауы керек. Мерекелік шараларда да балалардың көңіл-күйі үшін бірлесіп жұмыс істейміз».

ҚАУЛЫ:

1. «Жасыл балабақша» экологиялық акциясы бекітілген кестеге сай өткізілсін. Шаруашылық меңгерушісіне қажетті құралдармен қамтамасыз ету жүктелсін.
2. Форум қорытындысы бойынша ата-аналардың ұсыныстары қабылданып, тәрбие жұмысына енгізілсін.
3. Мерекелік іс-шараларды өткізу кезінде заңдылық пен ашықтық қатаң сақталсын. Топтарда қандай да бір заңсыз қаражат жинау түрлеріне қатаң тыйым салынсын.

Тақырыбы: «Бақытты отбасы – бақытты бала» атты ашық есік күні. Жиналыстың басты мақсаты – баланың балабақшадағы бір күнімен таныса отырып, бақытты, қауіпсіз және үйлесімді дамуы ең алдымен отбасындағы сүйіспеншілікке, өзара түсіністікке, қолдау мен жауапкершілікке тығыз байланысты екенін бірлесіп түсіну. Себебі әрбір баланың бойындағы сенім, мейірім, адамгершілік, рухани байлық пен қуаныш ең алдымен отбасыдан бастау алады.

Аталған іс - шараға «Қамқор» отбасын қолдау орталығы» КММ-ның басшысы С.С. Султанова, «Күншуақ» бөбекжай-бақшасының қамқоршылық кеңесінің төрағасы А. Аханова және кеңес мүшелері, сондай-ақ Құзыреттілік орталығына қарасты магнитті мекемелерінің педагогтері шақырылды.

Шара барысында:

— топтарда ұйымдастырылған іс-әрекеттер көрсетілді;

ата-аналар балаларының күнделікті оқу-тәрбие үдерісімен танысты;

— отбасы құндылықтары мен бала тәрбиесіндегі ата-ананың ықпалы туралы көрініс тамашаланды;

— ата-аналарға арналған тренинг өткізіліп, кофе-брейк ұйымдастырылды.

Бұл кездесу — тәжірибе алмасуға, пікір бөлісуге, ата-ана мен ұжым арасындағы сенімді қарым-қатынасты нығайтуға арналған тиімді алаң болды. Ең бастысы, әр баланың бақытты болашағы үшін бірлесе әрекет етудің маңызы тағы бір мәрте айқындалды. Өйткені бақытты отбасыда ғана бақытты бала өседі. Ал бақытты бала – елдің ертеңі, ұлттың болашағын жарқын ететін басты кепіл.







Тақырыбы: “Мұқағали Мақатаев кім?”

“Даналық мектебі” жобасы аясында Мұғалжар аудандық орталық кітапханасында қазақ поэзиясының заңғар тұлғасы, ұлы ақын Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толуына орай “Мұқағали Мақатаев кім?” атты әдеби-танымдық кеш өтті.

Кеш тәрбиеленушілердің әсерлі өнерімен ашылып, олардың жүректен шыққан өлең жолдары мен көркем билері көрерменге ерекше әсер сыйлады. Шара барысында ата-аналар да белсенділік танытып, ақын өлеңдерін мәнерлеп оқып, әндерін орындау арқылы поэзия кешіне рухани әр қосты. Сонымен қатар, ақынның өмірі мен шығармашылық жолынан сыр шертетін сахналық қойылым ұсынылып, көрермендерге Мұқағали әлемін тереңірек тануға мүмкіндік берілді.

Кеш соңында қонақтарға “Мұқағали Мақатаев кім?” атты кітаптар сыйға тартылып, рухани мұраға деген құрмет айқын көрініс тапты.

Кештің құрметті қонақтары:

- Мұғалжар аудандық білім бөлімінің әдіскері – Нұрмағанбетова Гүлбаршын Қуанқызы;
- Мұғалжар аудандық білім бөлімінің әдіскері, кураторымыз – Байтақова Гүлнұр Кеншілікқызы;
- Мұғалжар аудандық аналар кеңесінің төрайымы – Асабаева Жұмагүл Мақсатқызы;
- Зейнеткер – Бахи Зұлқашұлы;
- Ембі қалалық мәдени орталығының қызметкері – Сарман Ертай Аманғалиұлы;
- Композитор – Маратов Амангелді Манасұлы;
- Шығармашылық шараларымыздың тұрақты серіктесі – кітапхана ұжымы.

Бұл тағылымды шара жас ұрпақтың бойынаұлттық құндылықтарды сіңіріп, поэзияға, әдебиетке деген сүйіспеншілікті арттыруға бағытталған мәнді кездесу болды.












KOVORKING
ORTALYĞ

